

Құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі өндірістер кешенін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 қаңтар N 37

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейту, сондай-ақ құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі импортты алмастыратын өндірістер құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өңдеуді тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тартуға арналған неғұрлым маңызды өндірістердің тізіміне енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

- республикада құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі өндірістер кешенін құру туралы техникалық-экономикалық негіздеменің бас әзірлеушісін (қаржыландыру көзі белгіленген кезде);

- құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі өндірістер кешенін құру туралы жобаның негізгі орындаушысын (бұдан әрі - Жобаның о р ы н д а у ш ы с ы) б е л г і л е с і н .

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жылдық бюджеттік өтінімдерде қарасораның дақылдық сорттарын өсіру мен оны өнеркәсіптік қолдануды ғылыми зерделеу үшін мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруды көздесін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі осы қаулының 2-тармағына сәйкес "XELORIA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып белгіленген Жобаның орындаушысына құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіруге, жинауға, дайындауға, сондай-ақ есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеуге, өндіруге, өңдеуге, тасымалдауға, жөнелтуге, сатып алуға, сақтауға, таратуға, өткізуге, пайдалануға, жоюға лицензия беру мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен қарастырсын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.30 N 520 Қаулысымен.

4-1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Жобаның орындаушысының Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестиция және өнеркәсіп комитетінің "Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынмен бірлесіп, заңнамада белгіленген

тәртіппен "Қарасораны және оның туындыларын зерттеу мен олардан жаңа дәрі-дәрмектер жасау жөніндегі халықаралық орталық" акционерлік қоғамын құру мүмкіндігін қарастырсын.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.30 N 520 Қаулысымен.

4-2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Жобаның орындаушысына заңнамада белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау жүйесінде есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіруге, тасымалдауға, сатып алуға, сақтауға, таратуға, өткізуге, пайдалануға, жоюға лицензия беру мүмкіндігін қарастырсын.

Ескерту. 4-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.30 N 520 Қаулысымен.

5. Жамбыл облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- облыстың Шу Мойынқұм және Мерке аудандарында қарасора тұтастай өскен жер телімдеріне түгендеу жүргізуді қамтамасыз етсін;

- түгендеудің нәтижелері бойынша Жобаның орындаушысына құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіру, жинау және дайындау үшін жерді пайдалану құқығымен жоғарыда көрсетілген аудандардағы жалпы көлемі 25000 га жер телімдерін беруді және оны өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді ұйымдастыруды қамтамасыз етсін ;

- Жобаның орындаушысына құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру және оның қайта өңделген өнімдерін сақтау үшін қажетті өндірістік қуаттарды, соның ішінде тоқтап тұрғандарын бөлу мүмкіндігін қарастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп жобаның шеңберінде құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіруге, жинауға және дайындауға бақылау ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.30 N 520 Қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі